

"Сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 616 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 679 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 616 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 23, 244-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 1), 2) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға, Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы шеңберінде талдамалық, консультациялық, ақпараттық, техникалық қолдау көрсету;

2) Қазақстан Республикасының сыртқы сауда саласындағы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;"

"4) Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ортақ сауда режимін құру және үшінші елдермен еркін сауда аймақтарын құру туралы келісімдер жасау жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев